# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
# ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
# ҚҰҚЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ №__1__ ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **27.10. 2023 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – Тұрлыбеков Қ., АК мүшелері, академиялық персонал – Паридинова А., Иманбекова М., Мергенбаев Е., Қожамбеков Д., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Мақұлбаев Ж., Жанбырбаева А., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Итемгенова А., Есеева А., Сатыбалды Д.

**Күн тәртібі:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу: -әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
4. 6В04281, 6В04282 ББ бойынша аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарын жоспарлау
5. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

АК төрағасы Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап, Құрметті АК мүшелері біріншіден сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі мәжілісімізді ашық деп жариялап, негізгі сұрақтарға көшейік. Алдымен АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерімен жұмыс жасау, әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру, 6В04281, 6В04282 ББ бойынша аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарын жоспарлау; Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

Сөз кезегін АК мүшелері, академиялық персонал, Мергенбаев Е., Иманбекова М., алды: 6В04281, 6В04282 ББ бойынша ережелермен таныстырылып, жоспардың құрылымы барысымен аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарын жоспарлау жөнінде баяндап өтті.
АК жұмысы ұйымдастырылып «Құқық» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік Түркістан облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Ж.Т.Мақұлбаев, Түркістан қалалық сотының төрағасы А.Жаңбырбаевалармен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.Т.Мақұлбаев.

Қазіргі таңда жас мамандарды құқық қорғау қызметтеріне дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар

мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз.

АК мүшесі, академиялық персонал, Мергенбаев Е., Иманбекова М. Пікірлеріңізге толық қосыламыз. Жоспардағы 6В04281, 6В04282 ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру жайлы өз ойларын түйіндеп, теориялық білімді практикмен ұштастырудың онтайлы тұстарын атап өтті. Осы тұрғыда кәсіби біліктілікті арттыруда практиканың маңызы зор екенін атап айтып, өзіндік ұсыныстарын білдірді.

Күн тәртібіндегі аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарының постмонитриг есептері талқыланды. Сонымен қатар өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

АК төрағасы Тұрлыбеков Қ. Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп талдап, атқарылатын іс-шарал мен семинарлардың жоспарларын бекітіп, жұмыла жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:**

1. Құқық даярлау бағыты бойынша АК 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстар мен жәжіліс жоспары бекітілуін ұсынамын.
2. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:** Тұрлыбеков Қ.

**Хатшысы:** Қожамбеков Д.